ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 желтоқсан №4360-23-00-2/2796 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кимбаева» атауымен әрекет етуші Кимбаева Айна Искаковна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Кимбаева» атауымен әрекет етуші Кимбаева Айна Искаковна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Кимбаева» атауымен әрекет етуші Кимбаева Айна Искаковна жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Кимбаева» атауымен әрекет етуші Кимбаева Айна Искаковна жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 8100 (сегіз мың бір жүз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 243 (екі жүз қырық үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер «Кимбаева» атауымен әрекет етуші Кимбаева Айна Искаковна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 25.01.2024, судья Бержанов К. М., 28.01.2024
4360-23-3-1/2968

мемлекеттік баж алым сомасы 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.01.2024, судья Бержанов К. М., 28.01.2024

4360-23-3-1/2968